

3) талдама және болжау: көмегімен қаржылық деректерді тереңірек талдауға, жасырын тәуелділіктерді анықтауға, сондай-ақ қолда бар деректер негізінде қаржылық тенденцияларды болжауға болады.

Кемшіліктері:

1) іске асырудың қиындығы: кейбір жасанды интеллект жүйелері оларды енгізу және қолдау үшін айтарлықтай инвестициялар мен арнайы білімді қажет етуі мүмкін, бұл шағын бухгалтерлік бөлімдер үшін проблемалы болуы мүмкін;

2) әрқашан түсінікті шешімдер бола бермейді: машиналық оқытудың күрделі модельдерін қолданған жағдайда, қабылдаған шешімдерді деректерді талдауға мамандандырылған білімі жоқ адамдар үшін түсіну қиын болуы мүмкін;

3) деректер қауіпсіздігі: бухгалтерлік есепте қолдану қаржылық деректерді сақтау және өңдеу жүйелерінде қосымша осалдықтар тудыруы мүмкін, бұл ақпараттың қауіпсіздігі мен құпиялылығы үшін қосымша шараларды қажет етеді.

Бухгалтерлік есепте жасанды интеллектіні енгізу мен қолдануды қарастырған кезде осы факторларды ескеру қажет.

Қорытындылай келе, бухгалтерияның болашағы қаржы саласы мен жалпы бизнестің дамуына үздіксіз әсер ететінін атап өтуге болады. Цифрландыру, реттеудегі өзгерістер және қаржыны стратегиялық басқаруға көшу сияқты заманауи тенденциялар бухгалтерлерден нақты есеп жүргізуді ғана емес, сонымен қатар бизнестің қаржылық тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ете алатын компаниялардың стратегиялық серіктестері болуды талап етеді.

Бухгалтерлік есептің болашағы деректерді талдауға, бухгалтерлік есепті Автоматтандыру және талдамалық есептерді құру үшін заманауи технологияларды қолдануға және стратегиялық жоспарлау мен шешім қабылдауға белсенді қатысуға байланысты. Егер болашаққа қарайтын болсақ, бухгалтер жасанды интеллектіні қолданатын болса, әртүрлі қолданыстағы бағдарламаларға сандарды енгізбей, құжаттардың дұрыс толтырылғанын, ондағы сомалардың дұрыс жазылғандығын тексермей, оның орнына кәсіпорынның есеп саясатын жүзеге асырумен байланысты міндеттерді шеше алады, салық тәуекелдерін болжай алады, кәсіпорынның барлық көрсеткіштерін жақсартуға күш жұмсай алады.

Мұның бәрі бухгалтерлік есептің рөлі одан әрі дамып, басқару процестеріне тереңірек еніп, болашақта бизнесті табысты дамытудың негізгі құралы ретінде өзінің маңыздылығын көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Маркс К., Энгельс Ф. Сочинения. Издание 2. Москва: Политиздат, 1967. - с. 81
2. Нидлз Б., Андерсон Х., Колдуэлл Д. Принципы бухгалтерского учета. Пер. с англ. Под ред. Я. В. Соколова. - 2-е изд., стереотип.- М.: Финансы статистика, 2003.- с. 495.

Құдайбергенов Д.Р., Измайлова Ж. (Қарағанды Бөкетов университеті)

Ғылыми жетекші – э.ғ.м., аға оқытушы Садуақасова М.Б.

БУХГАЛТЕРЛІК КӘСІПТЕ ЖАСАНДЫҚ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ОРНЫ

Жасандық интеллект (ЖИ) - бұл компьютерлер мен басқа құрылғылардың адамдай ойлауға және өздерін үйренуге қабілетті болуы. ЖИ көптеген салаларда қолданылады, сондай-ақ бухгалтерлік кәсіпте. ЖИ бухгалтерлік жұмыстарын жүргізуде көмектеседі, мысалы, файлдарды жүктеу, есептілік жүргізу, аудит жасау және т.б. ЖИ көптеген деректерді жылдам және дәл жиналады. Бұл бухгалтерлерге деректерден тиімді ақпараттар алуға және жақсы сұрақтар қоюға мүмкіндік береді.

ЖИ бухгалтерлердің өнімділігін және тиімділігін арттырады, бірақ оларды толық қайта орнатуға мүмкін бе? ЖИ бухгалтерлік кәсіпте көптеген мүмкіндіктер жасайды, бірақ оны

қолдануда кейбір қиындықтар да бар және оның ең негізгісі – оның жүйесінің нақтылығы мен сенімділігін қамтамасыз ету. Бұл сапалы мәліметтерді және сенімді алгоритмдер мен модельдерді өңдеуге инвестицияны талап етеді. Тағы бір мәселесі жасанды интеллект жүйесінің шынайылығы мен түсіндірілуін қамтамасыз ету болып табылады, яғни ЖИ жүйесі қалай өңделгені және олардың шынайылығын қамтамасыз ету үшін қандай шешімдер қабылданғанын түсіндіре алу.

ЖИ құралдары өздерін үйретіп, жетілдіріліп отырғанда олардың қалай жұмыс істегенін бақылау қиын болуы мүмкін. ЖИ құралдарының құқықтық және этикалық негіздері де түзілуі керек.

ЖИ құралдары адамдардың орнын басуы мүмкін бе? ЖИ бухгалтерлік кәсібінде адамдың орнын алуы үшін, олардың тек сандық дағдыларын емес, сондай-ақ адамдық факторларын да қайта орнатуы керек. Бухгалтерия тек сандармен байланысты емес, сондай-ақ кеңес беру, жоспарлау және талдау жасаумен байланысты. ЖИ алгоритмдері сандарды тез және дәл өңдеуге қабілетті, бірақ олар бизнесіңіздің ішкі және сыртқы жағдайын түсініп, ол бойынша басқарушылық шешімдер қабылдауға қабілетті емес. ЖИ тарихи деректерге негізделген болжамдар жасай алады, бірақ адамдардай келешекті көріп, жоспарлауға қабілетті емес.

1-суретте ЖИ бірқатар мүмкіндіктері келтірілді:



Сурет 1 Бухгалтерлік есепте ЖИ мүмкіндіктері

ЖИ бухгалтерлік кәсіпте адамдарға көмектеседі, бірақ олардың орнын баса алмайды. Адамдар ЖИ құралдарын қолдану арқылы ақпараттарды бақылау, талдау және түсіндіру, ЖИ құралдарының қателіктерін түзету және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың құқықтық және этикалық негіздерін анықтау және сақтау және жаңалығын қадағалап қолдану қажет.

ЖИ айтарлықтай әсер ететін тағы бір саласы алаяқтықты анықтау болып табылады. ЖИ алгоритмдері деректердің үлкен көлемін талдай алады, үлгілер мен ауытқуларды анықтай алады. Бұл бухгалтерлік кәсіпте алаяқтықты дәстүрлі әдістерге қарағанда жылдамырақ және тиімдірек анықтауға және алдын алуға мүмкіндік береді, әрине бұл ұйымды қорғауды жақсартуға және шығындарды азайтуға әкеледі.

Әлемде бірқатар танымал бухгалтерлік бағдарламалық қамтамасыз етулер өңделген:

- Quickbooks;
- Oracle;

- FreshBooks;
- Zoho Books;
- Wave;
- Xero.

ЖИ артықшылығымен қатар кемшіліктері де бар (кесте 1):

Кесте 1

Жасандық интеллект артықшылықтары мен кемшіліктері

Артықшылықтары	Кемшіліктері
- мәліметтерді өңдеудің жоғары жылдамдылығы және оларды өңдеу нақтылығы	- эмоциялық интеллекттің болмауы
- күнделікті жұмыстарды автоматтандыру	- оқыту үшін деректердің үлкен көлемінің қажеттілігі
- қабылданатын шешімдер сапасын жақсарту	- қауіпсіздік және құпиялылық тәуекелдері
- қауіпсіздікті арттыру	- алгоритмдердің жетілмегендігі, қателер мен дәлсіздіктер болуы жағымсыз нәтижелерге әкелуі мүмкін
- жаңа бизнес үлгілері мен технологияларын құру мүмкіндігі	- адамдарды ауыстыру мүмкіндігі

Сонымен, ЖИ біздің өмірімізді жақсарту үшін үлкен әлеуетке ие, алайда оны пайдалануда кейбір тәуекелдер бар, сондықтан оларды есепке алып, басқарып отыру қажет. Бухгалтерлік кәсібіміздің тиімділігі мен сапасын жақсарту үшін ЖИ қолдану мен оны пайдаланудың теріс салдарынан қорғау арасындағы тепе-теңдікті сақтау маңызды болып табылады.

Әдебиеттер

1. Белов Р. А. Использование искусственного интеллекта в бухгалтерском учете и аудите: новые возможности и вызовы // Научные высказывания. 2023. №8 (32). С. 51-55.
2. Искусственный интеллект в анализе размера и доли рынка бухгалтерского учета - тенденции роста и прогнозы (2023 - 2028 гг.)//www.mordorintelligence.com

Ленякова М.Е., 4 курс (Карагандинский университет Букетова)
 Научный руководитель – м.э.н, ст. преподаватель Шакирова Г.А

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ УЧЕТА ЗАТРАТ ПРОИЗВОДСТВА ПРОДУКЦИИ

В конкурентной среде выживаемость предприятия зависит от его финансовой устойчивости, которая достигается посредством повышения эффективности производства на основе экономного использования всех видов ресурсов, снижения затрат, выявления имеющихся резервов повышения производства продукции и увеличения прибыли. Затраты на производство продукции и выпуск готовой продукции находят отражение в себестоимости продукции, так как она показывает во что обходится предприятию производство и сбыт продукции. Чем экономнее организация использует материальные, трудовые и финансовые ресурсы при изготовлении изделий, выполнении работ и оказании услуг, тем эффективнее производственный процесс, тем больше будет прибыль [1].

Затраты на производство продукции – это расходы по обычным видам деятельности, которые связаны с производством продукции, выполнением работ, оказанием услуг [2].

Затраты на производство продукции важны для достижения следующих целей:

- Определение себестоимости продукции. Затраты позволяют оценить себестоимость продукции, что важно для цен и прибыльности производства.
- Бюджетирование. Затраты на производство позволяют разрабатывать бюджеты и управлять финансами компании;